

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылы 31 желтоқсандағы №828 "Алматы қаласының рәмізін қолдану туралы" және 1998 жылы 19 қаңтардағы №19 "Алматы қаласы Әкімінің бюджеттен тыс қорын құру туралы" шешімдеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 295 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 26 қазанда N 75 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығын орындау және қаржыларды жергілікті бюджетке жинақтау мақсатында Алматы қаласы Әкімі **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1 . < * >

Ескерту. 1 тармақ алынып тасталды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2000 жылғы 03 шілдедегі N 655 шешімімен.

2. Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылы 19 қаңтардағы №19 "Алматы қаласы Әкімінің бюджеттен тыс қорын құру туралы" шешіміне келесі өзгертулер е н г і з і л с і н :

- 1-ші пункттегі 4-ші жол "өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде және басқаларында Алматы қаласының рәмізін пайдаланғаны үшін заңды ұйымдардан және жеке адамдардан алынатын жиымдар" алынып т а с т а л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Ж.Ыбыраевқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі